

5. Махмудова Н.А., Ильясов И.О., Абдурахманова П.Д. «Повышение качества образовательного процесса через внедрение новых педагогических и информационно-коммуникационных технологий (ИКТ)» ғылыми-әдістемелік мақалалар жинағы - Дағыстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Махачкала қ., 2018 – 238 б.

ӘОЖ 1751

<https://doi.org/10.53355/w0050-9043-4679-n>

ТҮРКІ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ ЖӘНЕ 1850-1940 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘДЕБИ (ЖАЗБА) ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ердинч Д., PhD

Нийде Өмер Халисдемир Университеті, Нийде қаласы, Түркия Республикасы

Тлегенова Г. А., білім магистрі

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: edemiray1@gmail.com, gunya_85@mail.ru

1300 жылдық тарихы бар түркі тілі әлем тілдерінің ішінде ең көне тілдердің бірі болып табылады. 8 ғасырда жазылған Орхон жазбаларынан бастау алған түркі жазба тілінің бүгінде 21 түрлі жазба тілі бар.

20 ғасырдың басына дейін жазба тіл ретінде де, әдеби тіл ретінде де көп айырмашылығы болмаған шығыс және батыс түркі жазба тілдерінің 21 түрлі жазба тілге айналуында Ресейдің саяси әсері басым. Патшалық дәуірден басталып, кеңестік кезеңде де жалғасқан мәдениет пен тіл саясатының мақсаты - ең болмағанда зиялылар арасындағы ортақ дін, тіл, тарих, мәдениет санасын бұзып, түркі қауымдарын жазу және әдеби тіл жағынан бір-бірінен ажыратып, алыстату болды.

Тірек сөздер: түрік жазба тілі, қазіргі түрік жазба тілдері, патшалық Ресейдің тіл саясаты, Кеңес Одағының тіл саясаты

Тюркский язык с 1300-летней историей является одним из древнейших языков мира. Тюркский письменный язык, основанный на Орхонских письменах, написанных в 8 веке, сегодня имеет 21 вид письменности. До начала 20 века политическое влияние России преобладало в превращении восточных и Западно-тюркских письменных языков в 21 разнообразный письменный язык, который не сильно отличался ни как письменный язык, ни как литературный язык. Цель культуры и языковой политики, которая началась в царские времена и продолжалась в советский период, состояла в том, чтобы хотя бы разрушить общее у интеллигенции сознание религии, языка, истории, культуры, отделить и отдалить тюркские общины друг от друга в плане письменности и литературного языка.

Ключевые слова: Турецкая письменность, современные турецкие письменные языки, языковая политика царской России, языковая политика Советского Союза

The Turkic language with a 1300-year history is one of the oldest languages in the world. The Turkic written language, based on the Orkhon scripts written in the 8th century, today has 21 types of writing. Until the beginning of the 20th century, Russia's political influence prevailed in the transformation of Eastern and Western Turkic written languages into 21 diverse written languages, which did not differ much either as a written language or as a literary language. The goal of culture and language policy, which began in tsarist times and continued during the Soviet period, was to at least destroy the common consciousness of religion, language, history, culture among the intelligentsia, to separate and distance the Turkic communities from each other in terms of writing and literary language.

Keywords: Turkish written language, modern Turkish written languages, language policy of Tsarist Russia, language policy of the Soviet Union

Түркі тілі - әлем тілдерінің ішінде ең көне тілдердің бірі. Шамамен 1300 жыл бұрынғы Орхон жазбалары түріктердің тұрақты және ресми түрде қолданған алғашқы жазу жүйесі болып табылады. Есік қорғанынан табылған тостағандағы жазуларға қатысты зерттеулер, қытай және византия деректеріндегі түріктер туралы деректер түркілердің ерте заманнан бері үлкен жағрафияда жазу қолданғанын көрсетеді (Ширин Ұсер, 2006: 30). Орхон жазбалары көлемділігімен, жазу жүйесінің айқындығымен жалпы түркі жазба дәстүрінің бастауы ретінде қабылданады. 8 ғасырда басталып, 1300 жыл үзіліссіз жалғасатын түркі жазбасы бүгінде 21 түрлі жазба тілге бөлінген. (Ержіласұн, 1993).

II. Көктүрік қағанаты кезеңінен кейін әртүрлі түрік тайпалары манихейизм, буддизм, христиан, иудаизм және ислам сияқты әртүрлі діни ағымдармен сенім жүйелерін қабылдады. Жазу дәстүрін көктүрік әліпбиімен бастаған түркілер, кейін діни және әртүрлі саяси себептерге байланысты арғы кезеңдерде мани, сөгут, ұйғыр, брахми, тибет, сирия, иврит; бергі кезеңдерде грек, араб, латын және кириллица әліпбилерін пайдаланды (Ширин Ұсер, 2006: 26-27).

Махмұд Қашқари 1074 жылы жазған «Диуани-лұғат ат түрік» атты еңбегінде түркі тайпалары арасындағы диалектілік айырмашылықтарды атап өткен (Қарахан, 2013). Дегенмен, түркі тілі тарихи кезеңдерде орын алған фонетикалық, дін өзгертуге және көршілес қауымдармен қарым-қатынасына байланысты өзгерістерге ұшырап, кейбір сөздік айырмашылықтарды қоспағанда, өзіндік дамуын жалғастырды. Диалектілер арасындағы айырмашылықтар онша көп емес. Әліпбидегі өзгерістер мен түрлі әліпбилердің қолданылғанымен түрік жазба тілі 8-13 ғасырлар аралығында бір-бірінің жалғасы ретінде дамыды.

Кең жағрафияға таралу, сол жерлерде дербес әрекет ете алатын мемлекеттер құру, жаңа мәдени, сауда орталықтарын құру немесе басып алу сияқты факторлар түркілердің 13 ғасырда жаңа жазба тілдерін қолдануына жол ашады. Осы ғасырда батыс оғыз түркі тілі - Анадолы аймағында оғыз ауыз екі тілі негізінде жаңа жазба тіл ретінде пайда болды. Шығыс (шағатай) түркі тілі - 13-15 ғасырлар аралығында Хорезм және Алтын орда аймағында дәстүрлі жазба тілдің қайта құрылуымен пайда болды. (Акар, 2017: 192). Бұл екі әдеби жазба тілі түркі тілінің екі негізгі жазба тілін қалыптастырып, 20 ғасырдың басына дейін қолданыста болды.

Тарихи қыпшақ тілі - 13-15 ғасырда Дешті Қыпшақ жерінде Алтын Орда мен Мысыр-Сирия аймағындағы мәмлүктердің төңірегінде пайда болған әдеби тіл. Хорезм-Алтын Орда аймағындағы қыпшақ тілі 15 ғасырдан кейін шағатай тіліне, ал Мысыр-Сирия аймағында пайда болған қыпшақ тілі османлышаға айналған.

15-19 ғасырларда түркі әлемінде екі негізгі жазба тіл (әдеби тіл) болды: османлы тілі (батыс түркі тілі), шағатай (шығыс түркі тілі). Бұл екі түркі тілінің түсінісу деңгейі өте жоғары болған, яғни бір-бірімен оңай түсініскен. Солтүстік және Шығыс түркілердің ортақ жазба тілі Шағатайша болса, Батыс түркі тілі Османлыша болды.

Патшалық Ресейдің тіл және мәдениет саясаты

Ұлы Түркістан жағрафиясында 16 ғасырдың ортасында Қазан және Астрахан хандықтары, ал 18 ғасырдың аяғында Қырым хандығы орыстардың қол астына толығымен алынды. 19 ғасырдың басынан бастап орыстар оңтүстік Кавказ мен Орта Азияға қарай бет алды. 19 ғасырдың аяғында Орта Азиядағы түрік қағанаттарының барлығы Ресейдің қол астына өтті.

Орыстардың қол астындағы халықтар мен топтарға қарсы үстемдігін тұрақты түрде сақтау жоспарларының бірі- ұлтты христиандандыру және орыстандыру саясаты болатын.

Қазан мен Астраханьды басып алғаннан кейін, бұл саясат 16 ғасырдың ортасында түркі қауымына да жасалды. Бірақ, дәстүрдің беріктігіне, қалаға көшу, мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының шектеулігіне байланысты көздеген мақсатына жете алмай, зардап шекті. (Камалиева 2009: 80-82).

19 ғасырдың ортасынан бастап Батыс түркілері үшін де, Солтүстік және Шығыс түркілері үшін де болмыс, мәдениет, тіл, әдебиет, өнер, білім, ғылым салаларында ағартушылық кезеңнің

басталғанын көруге болады. Ежелгі басқару, мемлекет түсінігінің өзгертілуі, жаңа дәуірге сай ғылым, мәдениет, білім салаларында жаңғырудың қажеттілігі туды. Халықты ағарту арқылы тіл, тарих, мәдениет санасын қайта қалыптастыру мүмкіндігі туды.

Әсіресе 19 ғасырдың ортасынан кейін бүкіл түркі жерінде болмыс, мәдениет, тіл және өркениет тоғысында интеллектуалдық пікірталастар басталды. Бұндай пікір таластар Османлы жерінде де, одан өзге түркі жағрафиясында да түркішілдік санасын оята бастады (Ақсұра 2015). Түркішілдік сана - ұлы Түркістан жағрафиясында лексика, морфология, синтаксис және орфография тұрғысынан ортақ келетін түркі жұртының бірлесуіне, ортақ әдеби тілді қалыптасатыруына күш салды. (Гаспыралы 2017: 77-83, 84-86). «Тілде, пікірде, тірлікте бірлік» ұранына да негіз болатын «ортақ әдеби тіл» қалыптастыру талпыныстары осы кезеңде өрбіді. Алайда, Османлы жерінде тілдің жеңілдетілуіне, түркішілдікке қарсы болғандар да, Өзбекстанда шағатай тілін сақтап қалу идеясын немесе әртүрлі түркі географияларында жергілікті ұлтшылдық пен аймақтық диалектіге негізделген жазба тіл идеясын жақтаушылар да болды. Жергілікті ұлтшылдыққа байланысты бірегейлік пен аймақтық диалектілерге/қолданыс тіліне негізделген әдеби тілді қалыптастыру идеясын жүзеге асыруда орыстардың ықпалы орасан зор.

Жерін кеңейтіп, ықпал ету аясын ұлғайтқан патша үкіметі өз мақсатарына жетуде ең бірінші кезекте «тіл» мәселесіне көңіл бөлді.

Патша үкіметі дәуірінен бастап Украина, Польша және Литва сияқты елдерде орыс тілінің ортақ және жалғыз қолданыс тілі болу саясатын түркі халықтарына да жүргізді. (Өзтүрк, 2020: 52-58) Бұл саясатты 19 ғасырдың жартысынан бастап, Қазан университетінің теология факультетінің түлегі Н.И. Илминскийдің жоспары аясында жүйелі әдістерімен жүзеге асырылды. Осы кезеңнен бастап Н.И. Илминский кириллицамен әрбір түркі қауымына жергілікті ауызекі тілін білім беру үдерісі аясында әдеби тілге айналдырып, осының негізінде орыс тілінің мәртебесін көтеріп, түркі халықтарын қайта қалыптастырып, бағыттап орыстандыру саясатын жүргізуді жөн көрді.

Патша үкіметінің егемендік аймақтарын орнату мен бекітуде «дін», «әліпби» және «тіл» идеяларымен саясаткер Ильминский және оның шәкірті Н.П.Остраумов айналысты. Десекте, жүзеге асыра бастаған бұл саясаты айтарлықтай сәтті болмады. (Өзтүрк 2020: 55). Бірақ Түркістан жерінде азды-көпті жазба тілді қолданатын түркі халықтары арасында жергілікті ауызекі тілге негізделген жазбаша тілді қолдану, орыс тілін үйрену, орыс мектептерінде оқу үдерісі кең етек алды. Н.И. Илминскийдің әзірлеуімен, патшалық Ресейдің қолдауымен жүзеге асырылған жоспарлар түркі қауымдары арасында этникалық, аймақтық диалектілерге негізделген жазба тілдердің негізі қаланды. Осылайша түбі бір түркі қауымдары арасындағы диалект/тіл пен мәдени айырмашылықтарды арттыру арқылы ұлттық сананың қалыптасуына тосқауыл қойылып, патша үкіметіне қауіп төндіретін күштердің ықпалы бұзылды (Үстүн, Қарақұрт 2019: 184).

Кеңес дәуіріндегі тіл және мәдениет саясаты

Патшалық Ресейдің экономикалық және әскери саясатына, мәдениет пен тіл саясатына қарсы шыққан кейбір түркістандық зиялылар кеңестік революция қозғалысына қатысып, революцияның сәтті аяқталуында маңызды рөл атқарды. Бірақ Кеңес Одағы орнағаннан кейін кеңестік әкімшілік түркі қауымдарына үстемдігін нығайтқандықтан, зиялылар мен қауым жетекшілері жүйеден шеттетілді. Ал жаңа басшылық өзінің «тіл» және «мәдениет» саясатын кеңестік идеологияға бейімдесе де, іс жүзінде патшалық дәуірде қалыптасып, қолданысқа енгізілген «тіл» мен «мәдениет» саясатының түпкі мақсатына сәйкес келетіндей етіп қайта құрылды. Бұл түсінік екі негізгі қағидаға негізделген: 1. Кеңес Одағы құрамындағы әрбір түркі мемлекеті мен қауымдастығы үшін бір-бірінен өзгеше тарих, жазу (әліпби), тіл және мәдениетін дамытып, әрбір ұлтты/болмысты қарастырып, осылайша бір-бірінен ажырату арқылы ұжымдық қарсылықтарды жою;

2 Қарым-қатынас тіл ретінде орыс тілінің мәртебесін көтеріп, түркі халықтарын мәдениетімен тілінен алшақтатып, орыстандыру болды.

Бұл жағдайды ерте байқаған Тоған 1923 жылы ақпанда Ленинге жазған хатында *«революцияға дейін халықтарға барлық мәселеде еркін әрекет етуге уәде етілгенін»* еске салып, кеңес әкімшілігі революцияны барлық салада орыстандыру саясаты түрінде жүзеге асырғанына қатты қынжылыс білдіріп:

«Енді түсінікті болды, бір ұлттың тілі мен емлесімен айналысқанда сол ұлтты орыс қылмайынша ол ұлттан қол үзбей, жағасына жабысыды екенсіз. «Ағынға қарсы» деген еңбегіңізде сондай-ақ, басқа да шығармаларыңыздағы ұлттардың құқықтары жайлы айтқан сөздеріңіз бен қазіргі жасап отырған саясатыңыздың арасындағы айырмашылықты көргенде таңданбау мүмкін емес».

Тоған, Кеңес әкімшілігінің орыс емес ұлттардың әліпбиіне, тілі мен әдебиетіне араласуын социалистік революцияның мақсатынан ауытқып, империалистік елдік түсінікке айналу деп есептейді: *«Егер Ресейдегі социализм өзінің империалистік дәстүрлерінің деңгейіне түспесе, қол астындағы халықтардың әліпбилері мен ауыз екі тілдерінен қайта құрылатын жаңа әдеби тілдер мәселесіне не қатысы бар еді?»*

З.В.Тоғанның (1970:29) пікірінше, орыстардың Кеңес Одағындағы түркі қауымдастықтарында жүзеге асырған ұлттық тіл мәселесінің шын мәні *«уақытша үгіт-насихат, сонымен қатар жергілікті тайпаларды орыстандыру саясаты үшін қолданылатын құрал»* бұдан басқа ештеңе емес.

Ұлттық бірегейлік төңірегінде бірігуді мақсат еткен Патшалық Ресейдің қол астындағы қазақ, татар, өзбек, башқұрт, қырғыз, өзбек зиялыларының көпшілігі алғашқы кезде патшалық Ресей әкімшілігіне қарсы күресіп, Кеңес төңкерісіне үлес қосты. Біраз уақыт өткеннен кейін кеңес әкімшілігі өзінің шынайы бет-бейнесін көрсетті. Өзінің үстемдігі мен билігін күшейткеннен кейін Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов, Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфулин, Әлихан Бөкейханұлы сияқты көптеген зиялылар «пантүрікшіл, тергеуші, мемлекет жауы, халық жауы» деген айыппен ату жазасына кесілді. (Kılınçkaуа, Omarbekov 2019). Осылайша халықты басқаратын, жөн сілтейтін зиялылардың көзін жойды.

Кеңестік революцияның күрес кезеңінде революцияға қолдау көрсетулері үшін бостандық, саяси және мәдени құқықтар туралы көптеген уәделер берілген болатын. Алайда патшалық заман да әдіс-тәсілі де бөлек болғанымен, кеңестік кезеңде мәдениет, тіл, болмыс пен тарихи сананы жойып, орыстандыру саясаты өте маңызды болды. Бұл саясаттардың ең маңызды тіректерінің бірі «тіл» саясаты болды (Mırzahmetulı, 2020). Кеңестік кезеңде бұл саясатты жаңа ұлттық идеология *«халықтар бауырластығы, теңдік және социализм»* секілді саясатпен бүркемеледі. Жаңа жазба тілдердің төңірегінде жасалған ұлттық бірегейлік шеңберінде үлкен немесе кіші әкімшілік және саяси автономия беру, түркі қауымдарындағы кейбір адамдарға билік беру ретінде қарастырылды. Бірақ бәрі де Ресейдің саясатына сай жүргізіліп жатты. Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі және кейінгі кезеңде бұл жағдайды аңғарып, қоғамға ескерту жасаған зиялылар аз болған жоқ. Біраз уақыттан кейін түркі халықтарына қолайлы ортада идеяларымен жол көрсетуге тырысқан бұл зиялылардың аузы жаптырылып, көздері жойылды.

Төңкерістен кейінгі жүйенің орнап, билік орнығуымен 1930-жылдардан бастап күшейіп, 1937-1938 жылдары шарықтау шегіне жетіп, 1950 жылдарға дейін жалғасқан қуғын-сүргін кезеңі Түркі әлеміндегі ұлт зиялыларының жер аударылып, ату жазасына кесіліп, жаппай жойылған кезі еді. (Буран 2010:303-541). Ұлтқа қатысты болмысын, тілін, мәдениетін және дәстүрін білетін ұлт зиялылары мен қоғам қайраткерлерінің жойылуы түркі халқын бағыт-бағдарсыз қалдырды. Орыс тілі, тарихы және мәдениеті негізінде «Кеңес азаматы» түсінігін қалыптастырып, білім беру жүйесін жаңадан құрастыруды жөн көрген. Кеңестендіру-орыстандыру түсінігіне негізделген осы басқару және білім беру процестерінде өсіп-өнген және кеңестік идеологияның саясатын сезінген ұлттық рухты зиялы қауым үшін, әсіресе 1950 жылдардан кейін ғылым, мәдениет, өнер, мемлекеттік қызметтен шеттету, елеусіз қалдырып беделін түсіру секілді саясаттың жүзеге асырылғандығы айқын көрініс табады.

20 ғасырдың басына дейін жазба тіл ретінде де, әдеби тіл ретінде де аса ерекшеленбеген шығыс және батыс түркі жазба тілдерінің 21 түрлі жазба тілге айналуында Ресейдің саяси әсері басым. Патшалық дәуірден басталып, кеңестік кезеңде де жалғасқан мәдениет пен тіл саясатының мақсаты - ең болмағанда зиялылар арасындағы ортақ дін, тіл, тарих, мәдениет санасын бұзып, түркі қауымдарын жазу және әдеби тіл жағынан бір-бірінен ажыратып, алыстату болды. Түрік қауымдарын шағын және әлсіз топтарға бөлу арқылы алдымен патшалық Ресейге, одан кейін Кеңестік Ресейге ұжымдық қарсылықтың алдын алу көзделді. 19 ғасырдың ортасында Н.Ильминский мен оның шәкірті Оустратовтың жетекшілігімен басталған зерттеулер кеңестік кезеңде де жалғасын тауып, соңында үлкенді-кішілі 21 жазба/әдеби тіл пайда болды.

Қорытынды: 20 ғасырдың басына дейін ортақ жазба тілін қолданып келген Түркістандағы түркі халықтары 1940 жылдан бастап әр халық үшін жеке-жеке дайындалған үшінші әліпбиін қолдана бастады. Әліпбимен бірге тіл мен әдебиетке жүргізілген кедергілер Кеңес Одағындағы түркі халықтарының мектеп қабырғасында білім алған балаларының бұрынғы ұрпақтан және басқа да түркі халықтарынан ажырап, бөлініп шығуына әкелді.

Кеңес өкіметі тұсында жүргізілген тіл саясатының, соның ішінде тілдің әліпбиіне, лексикасы мен синтаксисіне араласуының нәтижесінде әрбір жазба тіл тіпті өз тобының бір бөлігіне ғана қатысты болып қала берді. Ұзақ уақыттан бері әрі мемлекеттік әрі қолданыс тілі болып келе жатқан орыс тілінің қасында түркі тілдері мәртебесінен айрылды.

Тәуелсіздікке қол жеткізген Түркі мемлекеттерінде түркі тілдері мемлекеттік және білім беру тілі ретінде мәртебесін арттырғанымен, орыс тілінің түрлі салаларда әлі де болса кең қолданыста екендігі байқалады.

Қазақстанда да басқа да түркі мемлекеттерінде ұлттық тілдің күнделікті өмірде, бұқаралық ақпарат құралдарында, әдебиет, мәдениет, өнер және ғылым салаларында қолданылуын күшейтіп, халықты ана тілін қолдануға ынталандыру және жігерлендіру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Akar, A. (2017). Türk Dili Tarihi, 12. Basım, Ötüken Neşriyat, Ankara.
2. Akçura, Y. (2015). Türkçülüğün Tarihi, (hazırlayan: Erol Kılınç), Ankara: Ötüken Neşriyat.
3. Buran, A. (2010). Kurşunlanan Türkoloji, Ankara: Akçağ Yayınları.
4. Ercilasun, A. B. (1993). Örneklerle Bugünkü Türk Alfabeleri, Kültür Bakanlığı yayınları: Ankara.
5. Gaspıralı, İ. (2017). Dil- Edebiyat- Seyahat Yazıları, (neşre hazırlayan: Yavuz Akpınar), Ankara: Ötüken Neşriyat.
6. Kamaliev, A. (2009). *Ayaz İshakî'nin Eserlerinde Ruslaştırma ve Hristiyanlaştırma*, Erdem, Sayı: 55, s. 79-92.
7. Karahan, A. (2013). Divanü Lugati t Türk e Göre XI. Yüzyıl Türk Lehçe Bilgisi, Türk Dil Kurumu Yayınları: Ankara.
8. Kılınçkaya, D. M., Omarbekov, T., Egamberdiyev M. (2019): *Sovyetler Birliği Döneminde Yıldırma Politikasının Bir Unsuru Olarak "Türkçülük" Suçlaması*, Cumhuriyet Tarihi Araştırmaları Dergisi, Yıl 15, Sayı 30, s. 1-27.
9. Mirzahmetuli, M. (2020). Kazakları Ruslaştırma Siyasetinin Bilinmeyen Yönleri, Bengü yayınları: Ankara.
10. Mamırbekova, G. M. (2012), Eski Qazaq Tiliniñ Jazba Nusqaları, Almatı: Şapağat-Nur.
11. Öztürk, Z. (2010). Özbekistan'da Dil Politikası: Standartlaşma ve Modernizasyon, Hacettepe Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü (yayınlanmamış doktora tezi): Ankara.
12. Togan, Z.V. (1970). Türklüğün Mukadderatı Üzerine, Hareket Yayınları: Ankara.
13. User Şirin, H. (2006). Başlangıçtan Günümüze Türk Yazı Sistemleri, Akçağ Yayınları: Ankara.
14. Üstün, K. - Karakurt, M. (2019). *İlminskiý'nin Eđitim Sistemi Üzerinden Rus Milliyetçiliđinin Kısa Bir Okuması*, Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi, sayı: 42, s. 177-187.